

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 826 Жарлығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Кассациялық соттар департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы № 643 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Комиссия тоғыз мүшеден – облыстық және оларға теңестірілген соттардың (бұдан әрі – облыстық сот) төрт судьясынан, кассациялық соттардың (бұдан әрі – кассациялық сот) екі судьясынан, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – Жоғарғы Сот) бір судьясынан және отставкадағы екі судьядан тұрады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Комиссия құрамына Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары, кассациялық соттардың төрағалары, облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің (бұдан әрі – Жоғарғы Сот Кеңесі), Қазақстан Республикасының Судьялар одағы филиалдарының судья әдебі жөніндегі комиссияларының және Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің мүшелері – судьялар сайлана алмайды.";

8-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте Жоғарғы Соттың бір судьясын және отставкадағы екі судьяны қоспағанда, тиісті сот сатысынан, оның ішінде облыстық соттардан және кассациялық соттардан Комиссия мүшелерінің жартысы жыл сайын қайта тағайындалады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Облыстық соттардың судьялары ішінен кандидаттар облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстарында ұсынылған кандидаттардың қатарынан сайланады.

Кассациялық соттардың судьялары ішінен кандидаттар кассациялық соттардың жалпы отырыстарында ұсынылған кандидаттардың қатарынан сайланады.

Жоғарғы Сот судьяларының және отставкадағы судьялардың ішінен кандидаттарды Жоғарғы Соттың Төрағасы балама негізде ұсынады.

Ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы мүшелерінің ең көп дауыс санын жинаған кандидат сайланды деп есептеледі."

;

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Судьяның кәсіби қызметін бағалаудан өткен судьяларға қатысты комиссияның хаттамалық шешімінің көшірмесі қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тиісті облыстық сотқа, кассациялық сотқа және Жоғарғы Сотқа жіберіледі.

39. Комиссияның судьяны кәсіби жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сай келмейді деп тану туралы, жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы хаттамалық шешімінің көшірмесі күнтізбелік бес күн ішінде тиісті облыстық сотқа, кассациялық сотқа, Жоғарғы Сотқа, сондай-ақ өзіне қатысты шешім қабылданған судьяға мәлімет үшін жіберіледі.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Комиссияның Регламентінде аудандық соттың судьясына, төрағасына және облыстық соттың судьясына қатысты көзделген құжаттарды Комиссияға облыстық соттың төрағасы, кассациялық соттың судьясына қатысты – кассациялық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасына және сот алқасының төрағасына, кассациялық соттың төрағасына, Жоғарғы Соттың судьясына және сот алқасының төрағасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің оларды лауазымға тағайындауына байланысты өз өкілеттіктерін бұрын тоқтатқан судьяларға қатысты – Жоғарғы Соттың Төрағасы ұсынады.";

2) "Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 106 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі туралы ережеде:

Сот әкімшілігінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22-жолмен толықтырылсын:

"22. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Кассациялық соттар департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі."

3. Жоғарғы Сот және Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлық, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы Жарлықтың 2-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК